

Саран қалалық мәслихатының 2003 жылғы 24 сәуірдегі № 381 "Үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек - балаларға атаулы әлеуметтік жәрдемақы тағайындау және төлеу Қағидасын" бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 2016 жылғы 19 ақпандағы № 543 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Саран қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Саран қалалық мәслихатының 2014 жылғы 22 мамырдағы "Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу туралы" № 337 қолданыстағы шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2655 болып тіркелген, 2014 жылғы 5 маусымда) қабылдануына байланысты, Саран қалалық мәслихатының 2003 жылғы 24 сәуірдегі № 381 "Үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек - балаларға атаулы әлеуметтік жәрдемақы тағайындау және төлеу Қағидасын" бекіту туралы" шешімінің (Қарағанды облысы Әділет басқармасында 2003 жылы 26 мамырда № 1200 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

*Сессия төрағасы,  
Мәслихат хатшысы*

*Р. Бекбанов*